

Құпиялылық саясаты

Осы интернет-сайт (бұдан әрі – Сайт) "Кимберли-Кларк Қазақстан" ЖШС-не тиесілі, Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қ., Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 240В, БСН 130840021730 (бұдан әрі - Компания).

Сайттың негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес белгісіз тұлғалар тобына бағытталған және Компания тарататын өнімге, сондай-ақ Компания өз бетінше немесе үшінші тұлғаларды тарта отырып өткізетін маркетингтік белсенділікке назар аударуға, қызығушылықты қалыптастыруға және қолдауға бағытталған ақпаратты тарату болып табылады.

Осы Сайтқа кіре отырып Сіз осы сайтта бар ақпаратты алуға Сіздің келісіміңізді растайсыз және осы Сайттан шығу жолымен Сіздің мекенжайыңызға көрсетілген ақпаратты таратуды дереу тоқтатуға құқылысыз.

Осы интернет-сайт ақпаратты мерзімді тарату үшін арналмаған. Осы Сайтты пайдалана отырып ақпаратты тарату, сондай-ақ осы Сайтың көмегімен таратылатын ақпаратты жою және өзгерту, Компанияның құқығы болып табылады және оны Компания кез келген сәтте Сізді осы Сайттың кірушісі ретінде қандай да бір хабардар ету міндетісіз толық немесе ішінара жүзеге асырылу мүмкін.

Компания Сайттың көптеген кірушілерінің біздің олар беретін ақпаратты пайдаланатымыз жайлы алаңдауы мүмкін болатынын түсінеді. Сондықтан біз жеке ақпаратты үшінші тұлғалардан қорғауға қатысты Құпиялылық саясатын әзірледік. Біз мезгіл-мезгіл осы Саясатқа өзгерістерді енгізуіміз мүмкін, сондықтан оны жүйелі түрде тексеріп отырыңыз. Өз Сайтымызда біз пайдаланушылар туралы жеке ақпаратты жинамаймыз, егер тек сіз оны бізге өз еркімен және саналы түрде жібермесеңіз. Сіз кім екеніңізді бізге хабарламай, және жеке өзіңіз туралы ақпаратты ашпай Сайтымызға кіре аласыз. Дегенмен, егер сіз жеке сипаттағы ақпаратты жіберуге, мысалы, әр түрлі маркетингтік акцияларға қатысу үшін сауалнаманы толтыра отырып немесе сұрау бойынша пошталық жіберу үшін мекен-жайлар тізіміне орналастырылуға белгілі түрде келіссеңіз, немесе кері байланыс үшін координаталарыңызды көрсете отырып, Компания өнімі туралы ақпаратты беру туралы сұрау салсаңыз, біз сізбен байланысу үшін Сіз беретін жеке ақпаратты пайдалана аламыз.

Компанияға дербес деректерді (Тегі, Аты, байланыс телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы, туған күні, жынысы және т. б.) хабарлай отырып, пайдаланушы Компанияға оның дербес деректерін келесі мақсаттар үшін кез келген заңды тәсілдермен жинауға және өңдеуге келісімін береді:

- жарнамалық-ақпараттық сипаттағы хабарламаларды тарату;
- Компания тарататын өнімді тұтынушылар дерекқорына пайдаланушы туралы ақпаратты қосу,
- пайдаланушылардың Компанияға жіберген өтініштерін (сұрауларын, ұсыныстарын, түсініктемелерін, наразылықтарын, алғыстарын) қарау және есепке алу;
- Компанияға қатысты қатысты танымалдықты және тұтынушылық бейілділігін арттыруға, сондай-ақ Компанияның қызметтерін жылжытуға бағытталған ынталандыру іс-шараларына қатысуды ұйымдастыру;
- Сайт пайдаланушылары арасында жүлделер ұтыс ойындарын өткізу;

сондай-ақ трансшекаралық беруді қоса алғанда, оның дербес деректерін үшінші тұлғаларға өңдеу үшін беруге келісімін береді. Пайдаланушы кез келген уақытта Компанияның мекенжайына тиісті жазбаша өтініш жіберу арқылы дербес деректерді өңдеуге өз келісімін қайтарып алуға құқылы. Осы Келісім Компания пайдаланушының Келісімді қайтарып алу туралы жазбаша өтінішін алғанға дейін жарамды

Балалар

Егер сіз он төрт жасқа толмаған болсаңыз, бізге өз атыңызды, пошталық немесе электрондық мекенжайыңызды жіберер алдында, ата-анаңыздан келісім сұраңыз.

Cookies

Көптеген компаниялар сияқты, біз Сайтымызда «Cookie» технологиясын пайдаланамыз. «Cookie»-ді сіздің компьютеріңізде браузеріңіз сақтайды. Сіз біздің Сайтқа кіргенде, «Cookie» бізге сіздің Сайтымыздың жаңа кірушісі болып табылатыныңыз немесе оған бұрын кіргеніңіз туралы хабарлайды. «Cookie» сіз туралы ешқандай жеке ақпарат алмайды, бізді сізбен қандай да бір байланысу тәсілімен қамтамасыз етпейді және сіздің компьютеріңізден ешқандай ақпарат шығармайды. «Cookie» пайдалану бізге кірушілердің Сайтымыздың қай бөлімдеріне қызығушылығын танытатынын анықтауға көмектеседі. Бұл бізге вэб-сайтымызды кірушілер үшін көбірек қызықты ақпаратты орналастыруға мүмкіндік береді.